

## М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚУ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨҢІЛ-КҮЙІН БАҒАЛАУ – 2025

2025 жылғы 9 желтоқсан мен 17 желтоқсан аралығында университеттің әлеуметтанулық зерттеулер орталығы «М. Өтемісов атындағы БҚУ оқытушыларының әлеуметтік көңіл-күйін бағалау» жобасы аясында кезекті онлайн әлеуметтік сауалнама жүргізді. Аталған сауалнаманың мақсаты – университет оқытушыларының әлеуметтік көңіл-күйінің жай-күйін сипаттайтын пікірлері мен бағалау көзқарастарын анықтау болды.

Онлайн-сауалнама барысында барлығы 181 респондент қамтылып, 181 толтырылған анкета алынып, өңделді.

Зерттеу нәтижелері бойынша университет басшылығына және факультет декандарына егжей-тегжейлі аналитикалық есеп дайындалып, ұсынылды. Төменде осы есептің негізгі қорытындылары берілген.

1. БҚУ оқытушыларының басым көпшілігі өз өміріне қанағаттанатынын білдіреді (жалпы алғанда сауалнамаға қатысқандардың 93%-ы), ал респонденттердің 86,5%-ы болашаққа оптимистік көзқараспен қарайды – олардың өмірінде жақсы өзгерістер болатынына сенімді (44%) немесе сондай өзгерістер болады деп болжайды (42,5%).
2. Сауалнамаға қатысқан университет ұжымының басым бөлігі оқытушылар мен қызметкерлер арасында жағымды көңіл-күй басым екенін атап өтеді: олардың 50%-ы жағдайдың жақсаруына үміт білдірсе, 37%-ы ертеңгі күнге сенімділік сезімін көрсеткен.
3. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан оқытушылардың жартысы (52%) өз отбасыларының материалдық жағдайын орташа немесе жоғары деңгейде бағалаған (2023 ж. – 48%, 2024 ж. – 47%). Сонымен қатар, 93% респондент өз өміріне қанағаттанатынын білдірген. Бұл деректерді салыстыру оқытушылардың өмірге қанағаттануы тек материалдық жағдаймен шектелмейтінін көрсетеді. Бір жағынан, бұл айырмашылық материалдық емес факторлардың маңыздылығымен түсіндіріледі: кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру, жұмыстың тұрақтылығы, әлеуметтік мәртебе, тұлғааралық қатынастардың сапасы және еңбек мазмұнына бағытталған құндылықтар. Оқытушылар үшін бұл факторлар табыс деңгейіне қарағанда әлдеқайда маңызды болуы мүмкін. Екінші жағынан, бұл жағдай шыдамдылықпен, азға қанағат етуге дайындықпен және қазақстандық менталитетке тән төмен әлеуметтік стандарттармен, әсіресе білім беру саласында жұмыс істейтін аға буын өкілдері арасында түсіндірілуі мүмкін.
4. Бұрынғы зерттеулердегідей, оқытушылардың басым көпшілігі (66%) өз білім беру бағдарламалары мен кафедраларындағы моральдық-психологиялық ахуалды жоғары бағалайды.
5. Оқытушылардың көпшілігі (84%) жұмыс істеу үшін жасалған жағдайларға қанағаттанған, ал 11% респондент бұл жағдайларға қанағаттанбайтынын білдірген.
6. Университеттің қоғамдық тамақтану орындарының сапасын 40% оқытушы жоғары бағалаған (2024 жылы бұл көрсеткіш 37% болған).
7. Оқытушылар жұмыс барысында кездесетін негізгі мәселелер ретінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен инфрақұрылымның жеткіліксіздігін атап өткен: ескірген техника (компьютерлердің, интерактивті тақталардың, Wi-Fi-дың жетіспеуі, интернеттің тұрақсыздығы мен төмен жылдамдығы), қыста аудиториялардың суық болуы, оқу бөлмелерінің жөндеуді қажет етуі, орын тапшылығы, тамақ сапасы, спорт инфрақұрылымының болмауы, оқу әдебиеттерін сатып алу рәсімінің күрделілігі. Сонымен қатар, оқу процесін ұйымдастырудағы мәселелер: қағазбастылықтың көптігі, жүктеменің жоғары болуы мен жалақының төмендігі, әртүрлі тілдегі топтарды біріктіру, ДОТ форматында оқытын студенттермен жұмыс істеудегі қиындықтар. Кәсіби даму мәселелері: мансаптық өсудің айқын жүйесінің болмауы, жас мамандарды жеткіліксіз қолдау, біліктілікті арттыру мүмкіндіктерінің

шектеулігі. Сондай-ақ корпоративтік мәдениет пен өзара әрекеттесудегі проблемалар: бөлімшелер арасындағы әлсіз байланыс, формализм, кері байланыстың жеткіліксіздігі. Респонденттер жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар да берген: жалақыны көтеру, КРІ жүйесін қайта қарау, материалдық-техникалық базаны жаңарту, бюрократияны азайту, басқару тиімділігін арттыру, ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту, кәсіби дамуды қолдау және академиялық ұтқырлықты кеңейту.

8. Оқытушылар университет басшылығының жұмысына жоғары баға берген: ректор – 95%, академиялық мәселелер жөніндегі проректор – 92%, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор – 90,5%, тәрбие жұмысы жөніндегі проректор – 87%, ғылыми кеңес – 91%, деканаттар – 90%, кафедра/ББ басшылары – 89%.
9. Университет құрылымдарының жұмысына қанағаттану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда артқан. Әкімшілік бөлімнің жұмысына 89% респондент қанағаттанған, академиялық қызмет департаменті де осы деңгейге жеткен (2024 ж. – 80%). Шаруашылық қызметке – 87%, кәсіподаққа – 82%, бухгалтерияға – 71% қанағаттанған.
10. Оқытушылардың 75%-дан астамы университетте мансаптық және ғылыми өсу үшін жасалған жағдайларды жоғары бағалайды: басқарушы лауазымдарға ілгерілету – 83,4%, ғылыми өсу жағдайлары – 81%, ғылыми зерттеулер жүргізу мүмкіндігі – 79%.
11. Оқытушылар өз жұмысының сапасына және оны ынталандыру жүйесіне де қанағаттанған: оқу жұмысы – 95% және 89%, тәрбие жұмысы – 94% және 86%, ғылыми жұмыс – 93% және 86,5%. Дегенмен, жұмыс сапасына қанағаттану деңгейі оны ынталандыру деңгейінен жоғары. Бұл жоғары қанағаттану бір жағынан жақсы әлеуметтік көңіл-күйді көрсетсе, екінші жағынан өзін-өзі асыра бағалау немесе талаптың төмен болуы мүмкін.
12. Өз жұмысының сапасына қанағаттанбау себептері ретінде респонденттер уақыттың жетіспеуі мен жүктеменің көптігін атап өткен. Сонымен қатар, ғылыми қызметпен айналысу мүмкіндігінің шектеулілігі, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің әлсіздігі және жалақының төмендігі көрсетілген.
13. Оқытушылардың басым бөлігі (87,5%) оқу процесінің ұйымдастырылуының ашықтығына және университет сайтының сапасына (87%) қанағаттанған.
14. Университетте әлі де оқытушыларға қатысты этикаға сай емес қарым-қатынас жағдайлары кездеседі. Мұндай жағдайлар көбінесе студенттер тарапынан байқалады (29%, оның ішінде 11% жиі кездеседі). Басшылық тарапынан – 30% (15% жиі), әкімшілік және қызметкерлер тарапынан – 27% (12% жиі), қызмет көрсетуші персонал тарапынан – 20% (11% жиі).

Жалпы қорытындылай келе, төмендегідей тұжырым жасауға болады.

Қазақстан қоғамында әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделілігі сақталып отырғанына, жаппай санада негізінен тауарлар мен тарифтердің қымбаттауына, жоғары инфляцияға, сондай-ақ әлемдік саясаттағы қауіпті оқиғаларға байланысты алаңдаушылық күшейгеніне қарамастан, 2025 жылы М. Өтемісов атындағы БҚУ оқытушыларының әлеуметтік көңіл-күйінде айтарлықтай нашарлау байқалған жоқ. Университет оқытушыларының басым көпшілігінде әлеуметтік көңіл-күй деңгейі жеткілікті жоғары болып қала береді, бұл оқу орны қызметінің тиімділігінің белгілі бір көрсеткіші әрі оның тұрақты дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, аталған есепте тіркелген әлеуметтік көңіл-күй көрсеткіштерінің кейбір төмендеуі, сондай-ақ сауалнамаға қатысқан оқытушылар мен қызметкерлер атап өткен мәселелер мен ұсыныстар университет қызметінің негізгі бағыттарының тиімділігін арттыру үшін қосымша шаралар қабылдаудың қажеттілігіне сигнал ретінде қарастырылуы тиіс.